

# Ақсай Наурызды тойлауда

Наурыз мерекесі табиғаттағы жаңарудың, жаңғырудың ұлы мерекесі. Көгілдір көктемнің келуімен адам жанында да ең әдемі, ең шуақты сезімдер оянады. Табиғат ананың түлеп, жаңа өмір бастайтын жарқын мерекесі бұл. Жалпы жер бетіндегі ең ертеден келе жатқан мерекелердің бірі. Халқымыздың салт-дәстүрі ретінде ұрпақтан ұрпаққа жеткен Наурыз мейрамы әр жүрекке қуаныш әкеледі, үміт ұялатады. Наурызды көктем мен табиғаттың қайта жасаруының мерекесі ретінде әлемнің көптеген халықтары 5 мың жылдан бері тойлап келеді. Қазақстанда Наурыз Сталин діни мейрам ретінде тиым салған 1926 жылға дейін тойланған, бірақ бұл мереке ислам діні тарамай тұрып басталған.

Наурыз - табиғаттың оянуы, көктемнің келуі. Шығыс халықтарының ең маңызды, өте ертеден келе жатқан мерекесі. Яғни айтқанда, шығыс күнтізбесі бойынша Жаңа жыл. Сонымен бірге Ұлы күні, Ұлыстың Ұлы күні деп те атаған. Наурызды ас та төк дастарханмен қарсы алса, жыл бойына сол үйден береке-байлық үзілмейді деп саналған. Осы түсінік наурыз мерекесінде жасалар салт-дәстүр, рәсімдердің көптігін түсіндіріп береді. Наурызды тойлаған кезде аптаның жеті күні, қасиетті 7 санының болуы міндетті; төрдегі ақсақалдың алдына наурыз көже күйылған 7 ыдыс қойылады; әр адам 7 үйге кіріп шығуы керек және 7 қонақ шақыруы керек.

Наурыз - бірліктің, ынтымақтың мерекесі. Ол Қазақстанда тұрып жатқан жүз отыздан астам ұлттар мен ұлыстардың өкілдеріне де ортақ. БҰҰ Бас Ассамблеясы наурыздың 21-ін өзара ынтымақ, мәдени қарым-қатынас, татулық пен ауызбіршілік талаптарына жауап беретін халықаралық күн деп жариялады.

Наурыз табиғаттың жаңару мерекесі, соған сай адамдардың да өз бойла-



рын, киімдерін, үйлерін жыл бойғы шаңтозаңнан тазартып, күннен арылып, бір-біріне көшірммен қарап, құшақ ашатын мерекесі. Бұл күні адамдар бұлақ көздері мен құдықтарды, су жүретін арықтарды тазартқан. Наурызда соғысушы елдер де соғысты тоқтатқан, адамдары ашу-ыза, өкпе дегендерді ұмытып, татуласқан. «Наурыз келгенде Самарқанның көк тасы да жібиді» деген сөз де бекер айтылмаған. Ертеден келе жатқан аңыз бойынша наурыздың 21-інен 22-іне қараған түні елді Қыдыр ата аралайды, оны шын көңілмен, ақниетпен қарсы алу керек. Сондықтан бұл күн бақыт түні деп аталады. Қазақтардың арғы аталары түркі халықтары бұл мерекеде жаңа киімдер киген, ақ жейде, көйлек киген, сақал-мұрттарын бастырған және міндетті түрде шаштарын алғызған. Мереке алдында адамдар үйлерін жинап-жуып, тазалаған, бережақтарымен есептескен, өкпелескендер татуласқан, өйткені,

қарттардың айтуы бойынша Наурыз үйге кіргенде барлық ауру-сырқау, сәтсіздіктер шығып кетуі керек. Наурыз мейрамы келер түні ақ мол болсын, астық көп шықсын деген ырыммен үйдегі барлық ыдыстар сүтпен, айранмен, астықпен, бастаудың суымен толтырылып қойылады. Ал Наурыз күні бәрі көңілді, ашық-жарқын жүруге тырысқан, кездескенде құшақтасып амандасқан, ең жақсы тілектер айтқан.

Бұдан басқа бұл мереке адамдардың бірлігін, теңдігін, көрсететін мереке саналады, өйткені бұл күні келіндер мен күйеу балаларға қайын аталарымен әзілдесуге де рұқсат етілген. Жастар үлкендерден бата алуға тырысқан. Адамдардың бір-біріне деген, табиғатқа деген сүйіспеншілігін дәлелдейтін мереке ұрпақтан ұрпаққа жетіп, жаңғырып, терең рухани-этикалық мәнге ие болып отыр. Яғни бұл мерекеде біздің заманымыздың көкейтесті проблемасы адам мен

табиғаттың қарым-қатынасы жатыр.

Біздің Ақсай қаласының тұрғындары да Наурыз мейрамын құшақ жая қарсы алды. Негізгі іс шаралар дәстүр бойынша Ғ.Жәңгіров атындағы саябақта өтті. Ыстық шәй мен Наурыз көжеден дәм татқан жұрт театрландырылған көріністерді, жергілікті өртістердің өнерін тамашалады.

Мереке аудан әкімі Болат Шәкімовтың құттықтауынан басталды. Әкім қала тұрғындары мен қонақтарды күн мен түн теңелген көктемнің тамаша мерекесімен құттықтап, Наурыз әрбір үйге бейбітшілік, игілік пен бақыт сыйласын деп тілек білдірді. «Жылылық, жасару мерекесі Наурыз мейрамы бәрімізге шуақ сыйласын! Әрбір отбасында келісім мен өзара түсіністік нығайсын! Наурыз әрбір үйге бақыт, өркендеу мен көп қуаныштар әкелсін!»

Қала тұрғындарын Наурыз мерекесімен құттықтаушылар қатарында КПО компаниясының бас директорының орынбасары Грэхам Скоттон, үкіметпен байланыстар жөніндегі директор Нұржан Камалов және басқа да ресми адамдар мен қаланың құрметті тұрғындары бар. Грэхам Скоттон КПО компаниясының атынан және өз атынан Берлі ауданы мен Орал өңірінің тұрғындарын құттықтап әрбір отбасына бақыт пен игілік, барша жақсылықтарды тіледі.

Қалыптасқан дәстүр бойынша Жобада жұмыс жасайтын барлық компаниялармен бірге КПО компаниясы да Наурыз мерекесіне арнап ұлттық ас мәзірімен жайылған дастарханы бар киіз үй тіккен болатын. Мереке күні КПО компаниясының киіз үйінде ауданның соғыс және еңбек ардагерлері мен қаланың құрметті азаматтары құрметті қонақ болды. Оларды КПО компаниясының атынан компанияның бірінші басшылары қарсылап, көктемнің жарқын мерекесімен құттықтады және көп қуаныштар тіледі.

## Ақтауда өткен ғылыми-практикалық конференция

2011 жылдың 24 ақпанында Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына және Маңғыстау мұнайының 50 жылдығына арналған «Қазақстанның мұнай газ кешенінің заманауи проблемалары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Конференцияның ұйымдастырушысы «Қазақ мұнай газ институты» (КИНГ) АҚ мен оның еншілес кәсіпорны «Қаз НИПИ мұнай газ» АҚ.

Конференцияның жұмысына облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, Қазақстанның, Ресейдің, Азербайжан мен Финляндияның белгілі ғалымдары, бірқатар Қазақстандық мұнай газ өндіруші компаниялардың басшылары қатысты. Кездесудің мақсаты – мұнай газ секторының көкейтесті проблемаларын және оны шешу жолдарын талқылау. Мәселен, Мәскеу мемлекеттік И.М. Губкин атындағы мұнай газ университетінің профессоры, техникалық ғылымдардың докторы Владимир Григулецкий конференцияның қатысушыларына Мексикалық шығанақтағы аварияның технологиялық анализінің қорытындылары мен осы жағдайдан Каспийде жұмыс жасаушы компаниялардың қандай сабақ алулары керек екендігі жайында хабарлама жасады.

Каспий теңізінің қазақстандық секторда мұнай газ кен орындарын игерудегі туындауы мүмкін проблемалар туралы «МНК ҚазМұнайТеніз» АҚ бас директоры Ермек Марабаев әңгімеледі. Уфа және Баку қалаларынан келген сарапшылар аварияны болжау мен мұнайөндіру барысындағы өртүрлі қиындықтар туралы тәжірибелерімен бөлісті. Отандық ғалымдар Қазақстандық кен орындарындағы жойлағы құмдірі газды жоюға дайындау мен оны жою проблемаларына, қиғаш бағытталған бұрғылау тәжірибелеріне, сол сияқты Маңғыстау кен орындарындағы көлбеу ұңғымаларға арнайы баяндамалар дайындаған.

Конференцияға қатысушыларға әлемдік және республикалық масштабтағы мұнай газ кешенінің негізгі даму тенденцияларын анықтау мен мұнай және газ өндірісіндегі көкейтесті проблемалар туралы қажетті ақпарат алу, сол сияқты олардың болашақтағы тиімді шешімдерін табу жолдарын белгілеу мүмкіндігі жасалды.

Конференцияның жұмысына Қазақстаннан, алыс және жақын шетелдерден 100-ден астам қонақ қатысты. Олардың ішінде: «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы, «ҚазмұнайГаз» РД АҚ, «МаңғыстаумұнайГаз» АҚ, Академик А.П. Крылов атындағы «ВНИИ» ААҚ, «В.Д. Шашин атындағы Татнефть» ААҚ, Азербайжан Республикасының Ұлттық ғылымдар академиясы жанындағы геология институты, «Мұнай, газ және химияның геотехникалық проблемалары» ФЗИ (Баку қ.), «Геофизика» ННФ (Уфа қ.), «Wellquip» компаниясының (Финляндия), Синьзян мұнай және газ институты (Қытай), И.М. Губкин атындағы РМУ (Москва), Уфа мемлекеттік техникалық университеті, Азербайжан мемлекеттік мұнай академиясы (Баку), Қазақстан-Британ техникалық университеті (КБТУ), Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті (Алматы), Атырау мұнайгаз институты және т.б. бар.

Кенді пайдалануға рұқсат беру және лицензия бөлімінің менеджері, КПО-ның өкілі Жәрдем Құсанов ғылыми-техникалық баяндама жасады. Баяндамашы Каспий өңірі бассейнінің геотектоникалық құрылымын зерттеу жетістіктерін ортаға салды. Қолданбалы геология мен геохимия саласында алынған зерттеу нәтижелері көрнекі түрде көрсетілді.

КПО-ның өкілі өз баяндамасында өткізген зерттеулердің әдіс-тәсілдерін кезең-кезеңімен бөліп көрсетті. Ал оның басты мақсаты – шоғырлардың өндірістік-геологиялық моделденуі, мұнай мен газдың, конденсаттың және жойлағы бағалы компоненттер қорының есебі, мұнай мен газ кен орындарын игеру жүйесінің геологиялық негіздемесі, мұнайгаз немесе конденсат қайтарымын арттыру шараларының геологиялық негіздемесі, кен орнын барлау мен игеру процесі кезінде бақылаулар кешенімен қамтамасыз ету болып бірқатар компоненттерге бөлінген. Ж.К. Құсановтың баяндамасынан кейін талқылаулар басталды. Қазақстан, Ресей, Азербайжан, Финляндия мен Қытайдың ғылыми ортасы өкілдерінің баяндамаға жоғары баға беріп, жылы лебіздер білдіргенін айта кету керек.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияны профессор Ұзақбай Сүлейменұлы Қарабалин («КИНГ» АҚ бас директоры) қорытындылап, КПО-ның өкілінің



ғылыми-техникалық баяндамасының мазмұнды екенін, әрі Каспий өңірі бассейніндегі палеозой шөгінділерін игерудің үлкен ғылыми-практикалық маңызы бар екенін атап өтті.

Конференцияны қорытындылаған Ұзақбай Қарабалин барлық қатысушыларға табыс тілеп, ғылыми қарым-қатынас, осындай халықаралық ғылыми симпозиумдарда өзара тиімді пікір алмасулар сияқты жұмыстар барысына жеміс тіледі. Сол сияқты осындай конференциялар өткізу еліміздің мұнай газ саласының ғылыми-инновациялық дамуына жаңа тасын беретініне, бірыңғай инновациялық саясатты қысқарту мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын тиімді үйлестіруге ықпал ететініне сенім білдірді.

## КПО құқықтық конференцияға қатысты

Сәуір айының 22 жұлдызында Атырау қаласында Қазақстан мұнай газ саласы заңгерлері Ассоциациясының бастамасымен, бірлескен «Тенішевстрой» кәсіпорнымен бірге ІХ халықаралық Атырау құқықтық конференциясы өткізілді.

Конференцияның жұмысына заңгерлер департаментінің кеңесшісі Арман Марқашов жетекшілік еткен КПО-ның заңгерлері де белсенді түрде қатысты.



Конференцияның қатысушылары олардың өндірістік кәсіпорындардағы қызметімен байланысты көптеген мәселелерді талқылады. Әсіресе, «Қазақстан Республикасындағы мұнайгаз саласында көкейтесті мәселелер мен заңнамаларды қолдану практикасының сараптамасы» тақырыбын талқылауға көп көңіл бөлінді. Бұдан басқа конференцияның қатысушылары мәселелерді екі негізгі бағыт бойынша талқылады: «Қазақстан Республикасының Жаңа Заңы «Жер қойнауы және жер қойнауын игеру», плюстері мен минустері» және «Жер қойнауын игеру келісімшарттарын туындайтын таластарды реттеу: отандық тәжірибе және шетелдік практика» (Стокгольм қаласындағы Сауда Палатасы Арбитраж Институтымен бірлесіп отырып өткізілді).

КПО-ның қызметкерлерімен бірге конференцияның жұмысына мұнайгаз министрлігінің, ҚР-ның бас прокуратурасының, ҚР-ның жоғарғы Сотының, ҚР-ның Мәжіліс пен Парламент Сенатының өкілдері, Европа мен ТМД елдерінің арбитражды соттарының өкілдері, ғалымдар, отандық және шетелдік заңгерлік фирмалардың заңгерлері, сол сияқты Қазақстанда жұмыс жасаушы мұнайгаз компанияларының мамандары қатысты.

## КПО спартакиада чемпионы

Қалыптасқан дәстүр бойынша 5 наурыз күні аудандық спорт және дене шынықтыру бөлімі жыл сайынғы наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған әйелдер арасында спартакиада өткізді.

Ереже бойынша спартакиада спорттың жеті түрі бойынша өтті: волейбол, шахмат, мылтық ату, тоғызқұмалақ ұлттық ойыны, қол күресі және үстел теннисі.

Спартакиаданың ашылу салтанатында қатысушылар алдында аудан әкімінің орынбасары Т. Сидік, КПО-ның кәсіподақ комитетінің төрағасы Т. Кеңесов, «Нұр Отан» ХДП төрағасының орынбасары С. Жүкеева, аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің меңгерушісі К. Насипов, жарыстың бас судьясы Ю. Лилевковтар құттықтау сөз сөйледі.

Соңынан спортсмендер мен қоңақтарға арналған шағын концерт көрсетілді. Көрермендерге әсіресе, «Назерке» би тобының өнері қатты ұнады.

Содан кейін-ақ спорт бәсекесі басталып кетті. Пневматикалық винтовкадан ату жарысы бірінші болып аяқталды. Бұл сайыста біздің мергендеріміз №4 мектептің командасы мен Березов селолық округінің командаларынан кейінгі жұлделі үшінші орынды иеленді. Ал теннисшілеріміз бен шахматшыларымыз және тоғызқұмалақшыларымыз өздерінің барлық бәсекелестерін толықтай жеңіп (ал олар 15), аудандық 2011 жылдың спартакиадасының жеңімпазы атанды.

Спартакиада КПО мен №4 мектептің волейбол командалары арасындағы финалдық кездесумен аяқталды. Бес бірдей команданы жеңіп келген біздің волейболшы қыздарымыз жақында ғана облыста Ақсайдың балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебінің намысын қорғаған тәжірибелі командаға жол берді.

Қорытындысында КПО жалпыкомандалық жұлделі бірінші орынды иеленді, сөйтіп, осымен екінші рет аудандық спартакиаданың чемпионы атанып отыр!

Осы спорттық форумда ерекше көзге түскен спортшыларымыз аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің бірінші дәрежелі дипломдарымен, ал КПО-ның командасы ескерткіш кубокпен марапатталды. КПО-ның кәсіподақ комитеті чемпиондарды құттықтайды, сол сияқты КПО-ның еңбек ресурстары бойынша басқарушысы Кен Линч пен персоналмен қарым-қатынас менеджері Айгүл Макановаға, ішкі байланыстар бөліміне КПО командасының спартакиадаға қатысуына орай көрсеткен көмегі үшін алғыс айтады.

«Новости Карачаганак» газетінің редакциясы да чемпиондарды құттықтайды және КПО-ның кәсіподақ комитетінің төрағасының орынбасары Саин Досмаиловқа осы материалды дайындауға көмек көрсеткені үшін алғыс айтады.



## Өзімді бақытты адам деп санаймын

Адамның өмірі, көбінесе оның таңдаған мамандығына тікелей байланысты болып жатады. Ойланбай жасаған бір болмашы әрекетің немесе абайсызда аузыңнан шыққан бір ауыз сөзің өміріңді күрт өзгертіп жататыны бар ғой. Тек өз мамандығыңды сүйгенде, жаныңа жақын адамдар үшін еңбек еткенде, оларды сүйгенде ғана жұмысың жемісті болып, өмірің бақытты болмақ.

Осы жолы біз жинау жүйесі бөлімінің бақылау-өлшеу құралдары мен автоматика (КИПиА) инженері, Қарашығанақ кен орнының еңбек ардагері, әріптестері әркез кеңесіне құлақ түретін тамаша маман, өз ісінің білгірі Жолдыбай Исағұлұлы Нұржанов туралы әңгімелемекпіз.

Жолдыбай Исағұлұлы мұнай мен газды игерудің өндірістік процесін және техникалық құрал-жабдықтарды автоматтандыру мен механикаландырудың перспективалы және ағымдағы жоспарларын жасауға, кәсіпорынның реконструкцияландыру мен техникалық жағынан қайта жасақтау шараларын дайындау жұмыстарына белсене араласады. Сонымен бірге ол қондырғыдағы монтаждау, сынақ жүргізу, автоматтандыру мен механикаландыру құралдарын қалпына келтіру жұмыстарына басшылық жасайды, оларды күтіп-баптау жұмыстарын бақылауды жүзеге асырады.

Жолдыбай Нұржанов 1951 жылы Ақтөбе облысының Шалқар ауданы Берчогур селосында дүниеге келген. Шопан боп еңбек еткен әкесі, осынау қиын жұмысты иық тіресе бірге көтерген шешесі алты баланы қалай өсіріп-өндірді екен, - деп еске алады бүгінде ел ағасы. Жолдыбай аға 1969 жылы Қорғантүз орта мектебін бітірді, сол жылы Ақтөбе педагогикалық институтына оқуға түсті. Ол уақытта жоғары оқу орындары көп болған жоқ қой, сондықтан физика-математика факультетін таңдауға тура келді, - деп еске алады Жолдыбай Исағұлұлы бүгінде.

5 жылдан кейін оқуын ойдағыдай аяқтаған жас физика пәнінің мұғалімі мамандығына ие болады, сөйтіп Шалқар ауданы Бозой поселкесіндегі Арал магистралды газ желісі желілік-өндiрiстiк басқармасына жұмысқа орналасады.

Өзінің кәсіби еңбек жолын Жолдыбай Исағұлұлы КИПиА приборшысы болып бастаған. Бар-жоғы 13 жылдан кейін осы қызметтің бастығы болып тағайындалды. «Бізге мынадай да пікір бар: бақылау-өлшеу құралдары мен автоматтандыру маманы кез келген мамандықты игере алады, ал біздің саламыз бойынша нағыз маман болу кез келгеннің қолынан келмейді. Өйткені мұнда аса қатты жауапкершілік, дисциплина, өз ісіне шын берілу және өз білімін үнемі көтеріп отыру қажет,» - деп әңгімелейді Ж. Нұржанов.

Жолдыбай Исағұлұлы Волгоград мұнайгаз техникумын сырттай оқып бітіреді, бітіргенде үздік оқып бітіреді. 1987 жылы ол «Оренбурггазпромнан» жұмысқа шақыру алады да, сәуір айында Ақсай қаласына көшіп келеді, аты дүрлідеп тұрған Қарашығанақ кен орнына КИПиА аға инженері болып жұмысқа орналасады.

«Қаламызды алғаш көргенім әлі есімде, - деп еске алады Жолдыбай Исағұлұлы, - кішкене ғана теміржол поселкесі. Ол кезде шағын аудандағы алғашқы үйлер жаңа салына бастаған болатын, біз бір-бірімізге қонақпа балшықты кешіп баратыбыз. Өйткені әлі көшелерге асфальт төселмеген, тротуарлар жоқ еді. Кез келген үйде бір-екі жүл резина етік болатын, онсыз қиын еді. Сонда да біз кинотеатрға барып кино көруден жалықпайтын едік. Қоғамның бір қиындау уақыты болғанымен, бәрі көңілді жүретін. Өйткені, біз жарқын болашаққа сендік. Ақсай таяу уақытта жүз мың халқы бар қалаға айналады деп жатты. Сол кездің өзінде жаңадан

көшіп келіп жатқандар өте көп еді. Адамдар Одақтың түкпір-түкпірінен ағылды ғой. Осы жерде Ақсайдың соңғы жылдары жаңа заманға сай, көркі көз тартатын әсем қалаға айналғанын айта кеткім келеді. Халқының саны артып келеді, көшелерден Қазақстанның барлық өлкесінен келген жастарды көптеп көресің. Бұның барлығы да өлемге өйгілі Қарашығанақ мұнайгаз конденсатты кен орнының арқасында деп білемін. Қарашығанақ - ақсайлықтардың ғана емес әрбір қазақстандықтың да мақтанышы. Кен орны еліміздің экономикасы үшін аса маңызды, ал аймақтың өркендеуінде нағыз алға тартушы күшке айналды».

Жолдыбай Исағұлұлы Қарашығанаққа келгені де 20 жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт ішінде ол КИПиА қызметі бастығының орынбасары, бастығы, КПО инженері, КИПиА супервайзері қызметтерін атқарды. Еңбек ұжымында жұмыстың алға басуы үшін адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы да маңызды орын алатыны белгілі. Сондықтан да біз Жолдыбай Исағұлұлының оның ұжымы, жұмыстастары жайлы сыр тартқан едік.

«Ұжымды оның барлық мүшелерінің күшімен құру керек, ал басты роль әурауықта да бірінші басшыда болады. Ұжым басшысы адамдарды бір мақсатқа жұмылған пікірлестер командалық етіп ұйымдастыра білуі керек. Жалпы менің өмірімде түрлі ұжымдар болды, - деп күледі Жолдыбай Исағұлұлы, - бірақ қай кезде де мен бәрімен тіл табыса білдім. Ал қазіргі ұжымым өте жақсы болғаны сондай, тіпті кейде зейнет демалысына кеткім келмей де қалады. Бірақ әр нәрсе өз уақытында, әр нәрсенің өз жөні бар ғой».

Шын мәнінде зейнеткерлікке шығысымен адам өмірі өзгереді. Оны енді қызметтегі өзгерістер толғанрмайды, өз пікірін ашық білдіре алады, алдына мақсат қояу мен оған уақыт бөлуде тәуелсіз, қолы бос уақытта немен айналыса да ерікті. Бұның барлығы адамның тыныш өмір сүріне жағдай жасайды. Яғни адам өмірінде алтын ғасыр басталады, қазақша айтқанда өткен еңбектің, төккен тердің жемісін көретін, бала-шағаның қызығын көретін уақыт.

«Өз өмірімді бақытты адамның өмірі деп санаймын, - дейді Ж.И. Нұржанов. - Өмірімді өзім сүйетін жұмысқа арнадым, Біраз нәрсе көрдім, көп адамдармен араластым».

Шындап келгенде Жолдыбай Исағұлұлының жұбайы екеуі аялап өсірген бес баланы қалай бақытқа баламасын. Бүгінде олар өсіп келе жатқан немере-жиендерге қамқорлық жасауда. Солай болса тұрса да Жолдыбай аға қарап, зейнеткерлікке шыққалы жатқан адам деп ойлай алмайсың.

Ол кісіні Чех қалашығындағы КПО қызметкерлеріне арналған спорт залдан жиі көруге болады. Және де күрделі жаттығулар жасауда өзінің жас әріптестерінен қалыса қоймайды. Сонымен бірге Жолдыбай аға шахматты жақсы ойнайды, шахмат турнирлерін бірден бір ұйымдастырушылардың бірі. Өзі де турнирлерге жиі қатысып, көбіне көп жеңімпаздар қатарынан көрініп отырады. Зейнет демалысына шығумен байланысты алда үлкен жоспарлары бар.

«Туып-өскен Ақтөбем көшіп барамын - дейді Ж. Нұржанов. - Балаларым мен немерелеріме арнап үлкен, жылы да жайлы үй салмақшымын. Оларға көбірек көңіл бөлгім келеді. Мен зейнет демалысына шыққаннан кейін жаңа бір өзіндік қызығы бар өмір басталатынына сенімдімін».

«Новости Карачаганак» газетінің ұжымы Жолдыбай ағаға және оның отбасына мықты денсаулық, отбасылық бақыт, ұзақ өмір және барша жақсылықтарды тілейді.